

«А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті» РМК

РГП «Костанайский
государственный
университет имени
А.Байтұрсынова»

АНЫҚТАМА

ғылыми кеңес отырысына
24.04.2020 ж.
Қостанай қаласы

СПРАВКА

на заседание ученого совета
24.04.2020 г.
город Костанай

Төтенше жағдай кезінде аралық аттестаттау емтихандарын өткізу нысандары туралы

2020 жылғы 11 қаңтарда өзгерістер мен толықтырулармен енгізілген «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды және аралық аттестаттау өткізудің түрлерін, тәртібін және мерзімділігін өздері дербес айқындайды.

Карантин кезінде емтихандар ұсынылған үш форманың біреуі бойынша өткізіледі:

- ✓ Moodle-де (КТ Moodle) компьютерлік тестілеу;
- ✓ Moodle-де (ШТ Moodle) шығармашылық тапсырма;
- ✓ Zoom, Skype платформаларында on-line режимінде ауызша емтихан.

Ағымдағы оқу жылының 2 семестрінде 977 пән бойынша емтихан өткізіледі, оның ішінде

- Moodle платформасында компьютерлік тестілеу формасында – 591 пән;
- Zoom, Skype платформаларында on-line режимінде ауызша емтихан.- – 350 пән;
- Шығармашылық емтихан түрінде – 36 пән бойынша өткізіледі.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің төтенше жағдай кезінде 2019-2020 оқу жылында аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу туралы әдістемелік ұсынымдарының негізінде және студенттерді қолдау мақсатында аралық аттестаттау емтихан бағаларын «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін қоспағанда, ағымдық семестрішілік балдарды есептеудің орташа арифметикалық негізінде қою мүмкіндігін қарастыруды сұраймын.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні мемлекеттік емтихан болып табылады. Аталған емтиханды онлайн режимде MOODLE платформасында прокторинг жүйесін қолданып, компьютерлік тест түрінде өткізуді ұсынмын.

Ғылыми кеңеспен 2019 жылғы 26 сәуірде бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес қорытынды аттестаттау 4 мамырдан басталады, **Кешенді емтихандарды** MOODLE платформасында прокторинг жүйесін қолдана отырып, компьютерлік тестілеу түрінде өткізуді, **ал дипломдық жұмыстарды (жобаларды) және магистрлік диссертацияларды (жобаларды)** қорғауды Zoom, Skype, Google Meet және т.б. платформаларды қолдана отырып онлайн режимде өткізуді мақұлдап, бекітуді сұраймын.

Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттау емтихандарын өткізу форматының өзгеруіне байланысты өткізу алгоритмін және әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеуді, сонымен қатар университеттің академиялық саясатына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамын.

**Оқу жұмысы және инновация жөніндегі
проректорының м.а.**



А.Исмаилов